Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 20 ақпан №7119-24-00-2/766 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Б.Бакишев,
хатшылықта А. К. Кангужинаның қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5573 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Excellent Кесикбаева Б» Кесикбаева Бибигуль Кошербаевна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі – А.Б. Илесбеков
Прокурор Д. Жумагулов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 30 тамызда «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5573 әскери бөлімі» РММ мен ЖК «Excellent 2 125 760.00 теңгені құрайтын, металл құрылымдарды дайындау бойынша жұмыстар туралы шарт жасалды.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес өнім беруші жұмысты қазынашылық органдарында шартты тіркеу кезінен бастап 30 күнтізбелік күн арасында жасауға міндетті, яғни 30 қыркүйекке дейін.

Талап қоюшы талап арызында, 2023 жылдың 27 қазандағы жағдайда Жауапкер шарт міндеттерін орындамады деп көрсетті.

Жаупкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрайды.

Құжатқа қол қойылған: Бакишев А. Б., 22.02.2024
Заңды күшіне енген күні: 27.03.2024, судья Бакишев А. Б., 17.04.2024

7119-23-3-6/1312

Сот отырысында талапкердің өкілі талап қою арызын қуаттап, қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер талап қою арызбен келіспей, қарсылығын жазба пікірінде көрсетті.

Жаупкер сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланған, бірақ, сот отырысына қатысқан жоқ.

Сот АПК-нің 196 -бабының 4 - тармақшасын басшылыққа ала отырып, істі үшінші тұлғанің келмей қалу себептерін негізсіз деп санап, қатысуынсыз қарауды шешті.

Прокурор сот отырысында талап қанағаттандыруға жатады деп қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі–Заң) 12-бабы 4-тармағы 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынадай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, сотқа осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қойып жүгінуге міндетті.

2023 жылғы 30 тамызда талап қоюшымен және жауапкердің арасында шарт жасалған.

Сотта анықталғандай, бүгінгі таңда дейін жаупкер шарттың талаптарын орындамаған.

Аталған істі қарау барысында жауапкер шартты орындамағанын ескере отырып, сот оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы ретінде тануға заңды негіз бар деп есептейді.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексының 2 бабына сәйкес, кәсіпкерлік қызмет кәсіпкер атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады.

Сот шығындары АПК-нің 117 бабында көрсетілгендей талап арыздың қанағаттандырылған бөлігіне сай өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа алып, сот

Құжатқа қол қойылған: Бакишев А. Б., 22.02.2024
Заңды күшіне енген күні: 27.03.2024, судья Бакишев А. Б., 17.04.2024
7119-23-3-6/1312

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының 5573 әскери бөлімі" республикалық мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«Excellent КесикбаеваБ» жеке кәсіпкер атынан әрекет етуші Кесикбаева Бибигуль Кошербаевна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Excellent КесикбаеваБ» жеке кәсіпкер атынан әрекет етуші Кесикбаева Бибигуль Кошербаевнадан мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Сот шешіміне шағым және прокурордың өтінішхаты бойынша Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде берілуі мүмкін.

Судья **А.Б.Бакишев**

Құжатқа қол қойылған: Бакишев А. Б., 22.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 27.03.2024, судья Бакишев А. Б., 17.04.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»

7119-23-3-6/1312

Құжатқа қол қойылған: Бакишев А. Б., 22.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 27.03.2024, судья Бакишев А. Б., 17.04.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»

7119-23-3-6/1312